

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 526 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

" А қ п а р а т т а н д ы р у

т у р а л ы "

Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң ақпараттандыру саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану, ақпараттық технологияларды қолдану, электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз ету кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және ақпараттандыру саласындағы субъектілер қызметінің құқықтық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйелердің аудиті - стандарттардың, нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарымен және/немесе тапсырыс берушінің талаптарымен белгіленген, олардың деңгейінің белгілі бір өлшемдерге сәйкестігін белгілейтін, оларда болып жатқан ақпараттық жүйелердің іс-қимылы мен оқиғалардың ағымдағы ахуалын б а ғ а л а й т ы н ж ү й е л і к п р о ц е с с ;

2) "электрондық үкімет" веб-порталы - "электрондық үкіметтің" барлық электрондық ақпараттық ресурстары мен электрондық қызмет көрсетулеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін беруші ақпараттық жүйе;

3) веб-сайт - жалпы навигациясы бар және ақпараттық телекоммуникациялық желіде бірдей домендік атаумен біріктірілген деректер мен бағдарламалық-техникалық құ р а л д а р д ы ң ж и ы н т ы ғ ы ;

4) электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді иеленуші - көрсетілген объектілерді иеленуді жүзеге асырушы және оларды меншіктігі анықталған тәртіпте және оларға өкім ету шегінде және пайдалану, иелену құқығын іске асырушы с у б ь е к т ;

5) ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың депозитариясы (бұдан әрі - депозитариялар) - ақпараттандыру

саласындағы бағдарламалық және нормативтік-әдіснамалық құжаттамаларын сүйемелдеумен бірге, олардың бағдарламалық өнімдерінің даналарын жинақтауды, сипаттауды, сақтауды және жүйелеуді қамтамасыз етуге арналған арнаулы қойма;

6) бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттамаларды депонирлау (бұдан әрі - депонирлау) - ақпараттық ресурстары бойынша бағдарламалық кодтарын және нормативтік-техникалық құжаттамаларын депозитарийда сақтауға беру;

7) құжатталған ақпарат - материалдық жеткізушіде өзін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін, реквизиттермен қоса тіркелген ақпарат;

8) домендік атау - белгілі бір желілік адреске сәйкес және атаулы желінің объектісіне үндеуге арналған Интернет желісіндегі адресаттың ережелеріне сәйкес қалыптасқан рәміздік (әріптік-цифрлы) белгі;

9) электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қорғау - ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе оған тосқауыл қою жөніндегі заңсыз іс-әрекетті қоса алғанда, ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге заңсыз қол жеткізуді болғызбауға, оларды сақтауға бағытталған құқықтық, ұйымдық және техникалық іс-шаралар кешені;

10) ақпараттандыру - жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс;

11) ақпараттық қажеттік - ақпаратта жеке немесе заңды тұлғаның, сондай-ақ электрондық қызмет көрсетулерде өзінің қызметін жүзеге асыруға қажеттілігі;

12) ақпараттық жүйе - ақпараттық процестерді іске асыруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

13) ақпараттық-коммуникациялық желі - ақпараттық жүйелер немесе оларды құрастырушылар арасындағы іс-әрекетін, сондай-ақ электрондық ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-техникалық құралдарының жиынтығы;

14) ақпараттық процестер - ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық ақпараттық ресурстарды жасау, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, беру, пайдалану және тарату процестері;

15) ақпараттық жұмыстар - жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру үшін электрондық ақпараттық ресурстар мен электрондық ақпараттық жүйелерді құру жөніндегі қызмет;

16) ақпараттық технологиялар - ақпаратты жинау, жасау, сақтау, жинақтау, өңдеу, іздеу, шығару, көшіру, беру, пайдалану және таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенде біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің және

бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

17) ақпараттық қызметтер - жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттігін қанағаттандыру үшін пайдаланушыларға ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

18) интерактивтік қызметтер - өзара ақпарат алмасуды талап ететін, тараптардың келісімі бойынша немесе олардың сұрауы бойынша пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

19) құпиялы электрондық ақпараттық ресурстар - Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген жағдайларда, оларды меншік иесімен немесе иеленушімен немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қол жеткізу шектелген мәліметтерден тұратын ақпараттық ресурстар;

20) ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор - мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік ақпараттық ресурстарды дамыту, біріктіру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, ақпараттандыру саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыруға қатысу, сондай-ақ "электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде инвестициялық жобалармен басқару бойынша осы Заңмен көзделгендей шеңберде міндеттер жүктелген мемлекеттік тұлғадағы меншік иесі, заңды тұлға;

21) бағдарламалық өнім - ақпаратты өңдеу жүйесінің компьютер бағдарламаларының, рәсімдерінің, әдістерінің, ережелерінің және ілеспе құжаттамаларының жиынтығы;

22) дербес деректер (электрондық ақпараттық ресурстардың дербес сипаттамасы) - жеке тұлғаның фактілері, оқиғалары, және/немесе оның жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректер туралы мәліметтер;

23) пайдаланушы - оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін және ақпараттық жүйені пайдаланушыға жүгінген субъект;

24) электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің меншік иесі - электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді иелену, пайдалану және оларға өкім ету құқығын толық көлемде іске асыратын субъект;

25) транзакциондық қызметтер - электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен өзара ақпарат алмасуды, төлемді және өзге де іс-қимылды талап етуші, тараптардың келісімі бойынша немесе олардың сұрауы бойынша, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

26) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асырушы орталық атқарушы орган;

27) электрондық қызмет - ақпараттық технологияларды пайдаланумен жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық, интерактивтік және транзакциондық қызмет көрсетулер;

28) электрондық үкімет - ақпараттық-технологияларды кеңінен қолдану жолымен

жеке және заңды тұлғаларға электрондық қызмет көрсетулерді беруге бағдарланған мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тетігі;

29) электрондық ақпараттық ресурстар - ақпаратты пайдаланушылардың мүдделігін туғызатын және ақпараттық жүйелердегі (ақпараттық деректер қоры) электрондық түрде сақталатын ақпарат;

30) "электрондық әкімдік" - ақпараттық технологияларды пайдалану жолымен жергілікті мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелеріне жеке тұлғалардың қол жетімділігін қамтамасыз ету және электрондық ақпараттық ресурстарды құру, сақтау, өңдеу және беру электрондық құралдар негізінде жергілікті атқарушы органдардың жұмыс істеу тетігі.

2-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңы

1. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1 . О с ы З а ң :

1) ақпараттық жүйелер мен құралдарды құру мен пайдалану және оларды ақпараттық технологиялар негізінде қамтамасыз ету;

2) ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелерді пайдаланумен ақпараттық ресурстарды тұтынушыларға беру және құру, жинау, өңдеу, жинақтау, іздеу, сақтау, таратудың негізінде ақпараттық ресурстарды пайдалану және "электрондық үкімет" қалыптасуы мен жұмыс істеуі;

3) жеке және заңды тұлғаларға электрондық қызмет көрсетулерді ұсыну;

4) ақпараттандыру және ақпараттық процестерге қатысушы субъектілердің құқықтарын, электрондық ақпараттық ресурстарды қорғау кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Осы Заң Қазақстан Республикасының заңымен реттелетін авторлық құқығы мен аралас құқықтары туралы, өнеркәсіп меншігінің объектілері, іріктеудің жетістіктері, интегральдық микросхемалардың топологияларында, азаматтық жұмыстардың, тауарлар мен қызмет көрсетулер айналымына қатысушылардың жекеленуі, сондай-ақ бұқаралық ақпараттық құралдары туралы қатынастарды реттемейді.

3. Осы Заңның күші ақпараттың мазмұны мен таратылу тәсілдеріне таратылмайды.

4-бап. Ақпараттандырудың объектілері мен субъектілері

1. Ақпараттандырудың объектілері: электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер болып табылады.

2. Ақпараттандырудың субъектілері: Қазақстан Республикасының аумағында

ақпараттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар немесе құқықтық қатынастарда сөз алатындар болып табылады.

2-тарау. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау

5-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен қағидаттары

1. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде "электрондық үкімет" қалыптастыру, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

2. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай қағидаттарға негізделген:

1) азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қатаң сақтау және азаматтардың жеке өміріне қол сұқпаушылық;

2) жеке және заңды тұлғалардың ақпараттандыру саласындағы қызметке қатысуға және оның нәтижелерін пайдалануға құқықтарының теңдігі;

3) мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттан тұратын электрондық ақпараттық ресурстарды міндетті түрде беруге және қол жеткізу еркіндігі (ашықтығын айыпты емес деп есептеу) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол жеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстардан басқа;

4) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кез-келген электрондық ақпараттық ресурстарды іздеу еркіндігіне, өндірісіне және беруіне (таратуына) қол жеткізу шектелмейді;

5) электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану және ақпараттық технологияларды қолдану кезінде тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) электрондық ақпараттық ресурстардың дұрыстығын, толықтығын және шынайылығын өз уақытында беру, қатынасында заңмен белгіленген міндетті сипаттамасы олардың жариялымды таратылуы немесе мемлекеттік органдарымен беру;

7) адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

8) ұлттық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасы аумағындағы бірыңғай стандарттар негізінде ақпараттандыру саласының сенімділігі мен басқарылуын қамтамасыз ету;

10) ақпараттық технологияларды қолдануға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде технологиялық бейтараптылығының сақталуы;

11) дербес деректерді мақсаттарымен алуды, өңдеуді және пайдалануды шектеу, сол үшін олар жиналуда.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпараттандыру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпараттандыру саласындағы құзыретіне
м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) дамыту басымдығының, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын
өзірлеу, салалық (секторлық) бағдарламаларды бекіту;

2) халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

3) ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер нарығын қалыптастыру үшін
жағдайларды қамтамасыз ету;

4) "электрондық үкімет" қалыптасуына және жұмыс істеуіне, мемлекеттік
электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді құру мен дамытуға және
Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігінде олардың өзара
іс-қимылына жағдайларды қамтамасыз ету;

5) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдануға,
мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының жүйесін дамытуға жағдай
ж а с а у ;

6) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастыру,
оны пайдалану жөніндегі шараларды өңдеу және жүзеге асыру, электрондық
ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерге мемлекеттік және жеке меншік
құқығын қорғауды қамтамасыз ету;

7) ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;

8) ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі Қазақстан
Республикасының ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені және оның құрамын
б е к і т у ;

9) ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторды анықтау;

10) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін
б е к і т у ;

11) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін
мемлекеттік органдармен және заңды тұлғалармен міндетті тәртіпте берілетін
құжатталған ақпараттардың және электрондық құжаттардың тізбесін бекіту;

12) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына кірген жеке
тұлғалардың дербес деректерінің тізбесін бекіту;

13) ақпараттандыру саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар мен
ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу және бағдарламалық кодтары
мен нормативтік-техникалық құжаттамаларының депозитарийының ережесін бекіту;

14) ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес мемлекеттік ақпараттық
жүйелерді аттестациялауды жүргізу тәртібін бекіту;

15) мемлекеттік органдардың веб-сайттарында орналасқан мемлекеттік органдар
туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін анықтау.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

- 1) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) ақпараттандыру саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру ;
- 3) ақпараттандыру саласындағы стандарттау және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға қатысу ;
- 4) ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласының негізгі бағыттары мен басымдықтарын дамытуды және жетілдіруді іске асыру, оның сапасын, қол жетімділігін және жұмыс істеуінің тұрақтылығын жоғарылату;
- 5) ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;
- 6) электрондық қызметтер көрсету нарығының жұмыс істеуі үшін жағдайларды жасау ;
- 7) "электрондық үкімет" қалыптастыру, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді, ақпараттық желілерді дамыту, Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңестігінде олардың үйлесімділігін және іс-қимылын қамтамасыз ету ;
- 8) ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды өңдеу, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобалар мен бағдарламалардың, ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу тәртібін, ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастырудың және жұмыс істеуінің тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 9) ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру, инвестицияларды тарту және ынталандыру тетіктерінің жүйесін жетілдіру ;
- 10) мемлекеттік органдардың ақпараттық қызмет басшыларының Кеңесі туралы ережені бекіту ;
- 11) "электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде және ақпараттандыру саласындағы салааралық қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;
- 12) "электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде және ақпараттандыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 13) Қазақстан Республикасының электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін тіркеу ;
- 14) ақпараттандыру саласындағы қатынасты реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

8-бап. Орталық мемлекеттік органдардың ақпараттандыру саласындағы құзыреті

Орталық мемлекеттік органдардың ақпараттандыру саласындағы құзыретіне
мыналар жатады:

1) мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстарымен өзара іс-қимылдағы ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану тәртібін, сондай-ақ осы ақпараттық жүйелерді пайдаланумен электрондық қызметтерді көрсету тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша анықтау;

2) "электрондық үкімет" пен ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды және бағдарламаларды уәкілетті органмен келісімдеу және әзірлеу;

3) жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері мен орталық атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібін жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып анықтау;

4) "электрондық үкіметті" қалыптастыру және мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, ақпараттық желілерін дамыту, Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңестігінде олардың үйлесімділігін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелеріне жеке және заңды тұлғалардың қол жетімділігін және олардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында ұйымдастыру;

6) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді есепке алу және тіркеу, сондай-ақ бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттамаларды депонирлауды қамтамасыз ету.

9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттандыру саласындағы құзыреті

1. Облыс әкімдіктерінің (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ақпараттандыру саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстарымен өзара іс-қимылдағы ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану, сондай-ақ осы ақпараттық жүйелерді пайдаланумен электрондық қызметтер көрсетудің тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша анықтау;

2) әкімшілік-аумақтық бірлігіне тиісті іске асырылатын "электрондық үкімет" және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды және бағдарламаларды уәкілетті органмен келісімдеу және әзірлеу;

3) "электрондық әкімдікті" қалыптастыру және жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, ақпараттық желілерін дамыту, Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңестігінде олардың үйлесімділігін және іс-қимылын қамтамасыз ету;

4) жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіктерін қанағаттандыру

мақсатында олардың жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуін ұйымдастыру, оның ішінде мүмкіндігі бар болса, осы қол жеткізуді ұйымдастыру үшін тұрғынсыз үй-жайды бөлу ж о л ы м е н ;

5) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттамаларды есепке алу және тіркеуді қамтамасыз ету.

2. Әкімшілік-аумақтық бірлігінің кіші әкімдіктері әкімшілік-аумақтық бірлігіне тиісті электрондық қызметтер көрсетуді ұйымдастыру бойынша (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) облыс әкімдігіне ұсыныстарын енгізеді.

10-бап. Ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор

Ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор - мемлекетте жалғыз қатысушы ұ й ы м :

1) ақпараттандыру саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру мақсатында жоспарлауға, қалыптастыруға қатысады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобалары және бағдарламаларын талдауға және дамытуға қатысуға құқылы;

2) мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын, оларды әлемдік ақпараттық жүйелерге бірігуін қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын және Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" веб-порталын құруды және техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге құқылы;

4) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді енгізуді және сүйемелдеуді, бағдарламалық-аппараттық құралдарды жүйелік-техникалық қызметті жүзеге асырады, сондай-ақ осы мақсаттар үшін персоналдарды оқытуға қ ұ қ ы л ы ;

5) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерге қол жетімділігін, олардың ақпараттық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында техникалық жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;

6) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін және депозитарийын жүргізуді техникалық қамтамасыз етуді жүзеге а с ы р а д ы ,

7) "электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде инвестициялық жобалармен басқаруды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың веб-сайттарының мониторингін жүзеге асыруға құқылы;

8) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылының бірыңғай коммуникациялық ортасын құруға және техникалық қызметті қамтамасыз етуге қатысады;

9) "электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде мемлекеттік органдарға кеңес беруге

және тәжірибелік көмек көрсетуге құқылы;

10) "электрондық үкімет" ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерін қорғауды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

3-тарау. Электрондық ақпараттық ресурстар, оларды қалыптастыру және пайдалану тәртібі

11-бап. Электрондық ақпараттық ресурстардың түрлері

1. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің санаты мен меншік құқығына байланысты мемлекеттік, мемлекеттік емес, жалпыға бірдей қол жетімді және қол жеткізу шектелген болып бөлінеді.

2. Мемлекеттің экономикасы мен қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік ақпараттық ресурстардан тұратын электрондық ақпараттық ресурстар ұлттық болып табылады.

3. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылған, сатып алынған және жинақталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген өзге де тәсілдер жолымен мемлекеттік органдармен алынған электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік болып табылады.

4. Жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен құрылған және сатып алынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген өзге де тәсілдермен алынған электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік емес болып табылады.

5. Оның меншік иесімен берілетін немесе таратылатын, немесе иеленушімен оны пайдалану жағдайлары көрсетілмеген ақпарат, сондай-ақ қол жеткізу еркін болып табылатын және оларды беру және тарату тәсілінің нысанына байланыссыз мәліметтерден тұратын электрондық ақпараттық ресурстар жалпы қол жетімді болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының заңдарымен, немесе олардың меншік иесімен және иеленушімен, Қазақстан Республикасының заңымен рұқсат етілетін жағдайларда қол жеткізу шектелген мәліметтерден тұратын электрондық ақпараттық ресурстар қол жеткізу шектелген болып табылады.

12-бап. Мүлік құрамының элементі сияқты және меншік құқығы объектісінің электрондық ақпараттық ресурстары

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мүлік құрамының элементі сияқты мемлекеттік және жеке меншігінде болуы мүмкін.

2. Меншік құқығының туындауы, өзгеруі және тоқтатылуының негізі өзге де электрондық ақпараттық ресурстарға арналған құқықтары Қазақстан Республикасының азаматтық заңымен реттеледі.

3. Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделгендей барлық құқықтарын пайдаланады, оның ішінде:

1) электрондық ақпараттық ресурстарды жедел басқаруға немесе шаруашылықты жүргізуді жүзеге асырушы тұлғаны тағайындауға;

2) өзінің құзыретінің шегінде электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу, өңдеу және қорғау ережесін және режимін белгілеуге;

3) оларды сақтаған, көшірген және таратқан кезінде электрондық ақпараттық ресурстарға өкім ету жағдайын анықтауға құқылы.

4. Занды тұлғалардың меншігі болып табылатын электрондық ақпараттық ресурстар , Қазақстан Республикасының азаматтық заңына сәйкес олардың мүліктерінің қ ұ р а м ы н а к і р е д і .

5. Олардың құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың қарауында тұрған мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік мүліктің құрамында есепке алуға және қорғауға жатады.

6. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды міндетті тәртібінде олармен ұсынылған өздерінің құқықтарын субъектілер жоғалтпайды.

7. Мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтерден тұратын электрондық ақпараттық ресурстардың иесі мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте тек қана тиісті мемлекеттік органдардың рұқсатымен өкім етуге құқылы.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларға жатқызылған жағдайда, мемлекет жеке және заңды тұлғалардан электрондық ақпараттық ресурстарды сатып алуға міндетті. Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесінің құқығы тоқталған кезде, оларды нарық құны есебімен бағаланады.

9. Ақпараттық жүйелерге және өзге де электрондық ақпараттық ресурстарды өңдеу құралдарына меншік құқығы басқа меншік иелеріне жататын электрондық ақпараттық ресурстарға меншік құқығын құрмайды.

10. Электрондық ақпараттық жүйелерді және басқадай өңдеу құралдарын пайдаланған кезде немесе өңделген қызметтерді беру тәртібінде ақпараттық ресурстар олардың меншік иесіне жатады. Өндірілген өнімді және оған жататынды пайдалану, бұл жағдайда шартпен реттеледі.

11. Электрондық ақпараттық ресурстарды бірігіп пайдалану және өзге де құралдарды өңдеу кезінде немесе қызметтерді ұсыну тәртібінде өңделген электрондық ақпараттық ресурстар оларды иеленушіге жатады. Бұл жағдайда құрылған өнімнің пайдалануы мен жататындығы шартпен реттеледі.

13-бап. Ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану

1. Электрондық ақпараттық ресурстарды иеленушілер Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген шектеу есебімен оларды еркін пайдалануына және таратуына құқылы.

2. Ақпараттық жүйелер арасындағы ақпараттық алмасудың мәні болып табылатын электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану мен тарату осы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иелерімен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіктерін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар қалыптасады.

4. Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану заңмен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

5. Қол жеткізу шектелген ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, сақтау және пайдалану, оларға қол жеткізу мен қорғау ережесі Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте оларды иеленушімен анықталады және қамтамасыз етіледі.

6. Осы Заңмен көзделген жағдайларда мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық ресурстарды беру міндетті болып табылады.

7. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметі республикалық және/немесе жергілікті бюджеттің есебінен қаржыландырылады.

14-бап. Жеке тұлғалар туралы дербес деректерден тұратын электрондық ақпараттық ресурстар

1. Жеке тұлғалардың дербес деректерінен тұратын электрондық ақпараттық ресурстар құпиялық санатқа жататын электрондық ақпараттық ресурстарға жатады, алу, өңдеу және пайдалану мақсаттармен шектелген, сол үшін олар жиналады.

2. Электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеке тұлғалардан оның жеке өмірі, жеке және отбасының құпиясы туралы мәліметтерді ұсынуын, оның қайдан шыққаны, денсаулығы, көз қарастары, саясатқа және діни нанымдарын немесе оның еркінсіз, өзгеше түрде осындай мәліметтерді алуға талап етуге ешкімнің құқығы жоқ.

3. Электрондық ақпараттық ресурстар үшін дербес деректерге жататын жеке тұлғаға қатысты осы деректер берілген сәтінен бастап құпиялығын сақтауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кепілденген еркіндігі мен құқығын іске асыруды шектейтін, моралдық және мүліктік зиян келтіру мақсатында дербес деректерден тұратын ақпараттық ресурстарын пайдалануға тиым салынады.

15-бап. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу

1. Қол жеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары ашық және жалпы қол жетімді болып табылады.

2. Қол жеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік құпияларға және жабыққа жататын электрондық ақпараттық ресурстар болып бөлінеді.

3. Мемлекеттік құпияларға жататын электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жабыққа жатқызылған ақпараттық ресурстар, осы Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңымен көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді шектеу мүмкін емес:

1) нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік құпиялардан тұратын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда;

2) азаматтардың, елді-мекеннің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет өзге де жағдайда төтенше жағдайлар, табиғи және техногендік зіл-зала, ауа-райы, санитарлық-эпидемиологиялық, туралы мәліметтер;

3) мемлекеттік органдардың қызметі туралы ресми мәліметтер;

4) жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіктерін қанағаттандыру үшін құрылған (арналған) мұрағаттардың және басқадай ұйымдардың, кітапханалардың мемлекеттік органдардың ашық ақпараттық жүйелерінде жинақталған мәліметтері.

4-тарау. Ақпараттық жүйелер, технологиялар және оларды қамтамасыз ету құралдары

16-бап. Ақпараттық жүйелердің түрлері

1. Ақпараттық жүйелер қол жеткізу санатының және иелену құқығына байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес, жалпы қол жетімді және қол жеткізу шектелген болып бөлінеді.

2. Мемлекеттің экономикасы мен қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан тұратын мемлекеттік ақпараттық жүйелер ұлттық болып табылады.

3. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылған және/немесе сатып алынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де жолдармен мемлекеттік органдармен алынған ақпараттық жүйелер мемлекеттік болып табылады.

4. Жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен құрылған және/немесе сатып алынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де тәсілдермен алынған ақпараттық жүйелер мемлекеттік емес болып табылады.

5. Оның меншік иесімен берілетін немесе таратылатын немесе оларды пайдалану жағдайлары көрсетілмеген, сондай-ақ қол жеткізу еркін болып табылатын және оларды беру және тарату тәсілінің нысанына байланыссыз электрондық ақпараттық ресурстардан тұратын ақпараттық жүйелер жалпы қол жетімді болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе олардың меншік иесімен және иеленушімен қол жеткізу шектелген, жағдайларда электрондық ақпараттық Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілетін қол жеткізу шектелген ресурстардан

тұратын ақпараттық жүйелер қол жеткізу шектелген ақпараттық жүйелер болып табылады.

17-бап. Меншік иесінің құқық объектісі сияқты ақпараттық жүйелер

1. Ақпараттық жүйенің меншік иесі тұтастай мүліктік кешендерімен ақпараттық жүйелерін пайдалану, иелену және өкім ету, пайдалану құқығын иеленеді.

2. Егер техникалық құралдардың, электрондық ақпараттық ресурстар ақпараттық жүйелердің меншік иелері әртүрлі тұлғалар болған жағдайда, ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібі осы тұлғалар арасында келісіммен анықталады.

3. Ақпараттық жүйелердің құрамына кіретін электрондық ақпараттық ресурстарға құқығы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иелері арасындағы келісіммен анықталады.

4. Егер электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен өзгесі белгіленбесе, электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі электрондық ақпараттық ресурстардың орнын ауыстыруға, оған рұқсат етпеуге және таратылуын шектеуге құқылы.

18-бап. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру, қол жеткізу және пайдалану

1. Мемлекеттік органдарда және ұйымдарда электрондық қызмет көрсетулер, ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету, қызметті үйлестіру және басқару процестерін оңтайландыру мақсатында мемлекеттік ақпараттық жүйелер құрылуда.

2. Осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелер құрылуда.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру және олардың іске асыру тәртібі ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі Қазақстан Республикасының Ведомствоаралық комиссиясымен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік ақпараттық жүйені қабылдау ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарымен оның сәйкестігін аттестациялаудың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік ақпараттық жүйеге қол жеткізу мемлекеттік ақпараттық жүйенің меншік иесімен әзірленген ережелермен анықталады.

19-бап. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді құру, қол жеткізу және пайдалану

1. Электрондық қызметтерді көрсету және ақпараттық қажеттіктерді қанағаттандыру мақсатында жеке және заңды тұлғалармен мемлекеттік емес ақпараттық жүйелер құрылуда.

2. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйеге қол жеткізу және оның пайдалану тәртібі оны иеленушімен немесе оның меншік иесімен анықталады.

20-бап. Ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы

1. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді иеленуші Қазақстан Республикасында деректерді берудің стандарттық хаттамаларын пайдалану негізінде әр-түрлі ақпараттық жүйелермен деректерді беру арасындағы және ақпараттық алмасуын ұйымдастыру үшін желі аралық қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді пайдаланып жедел-іздігі қызметі Қазақстан Республикасының жедел-іздігі қызметі туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады.

21-бап. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі электрондық ақпараттық ресурстарды өңдеу, сақтау және резервтік көшіру құралдарына қойылатын міндетті талап

1. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуінің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, өңдеу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдарды техникалық реттеу саласындағы талаптарына сәйкес болуы тиіс.

2. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді иеленушілер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден тұратын мемлекеттік ақпараттық ресурстарды сақтауды қамтамасыз етеді, мемлекеттік ақпараттық ресурстардың сақталуына, жоғалуына, бұрмалауына жауапкершілікті, қажет болған кезде оларды қалпына келтіруді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін жасап шығару мемлекеттік ақпараттық жүйелерді иеленушілер үшін міндетті болып табылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардағы резервтік көшірмелерін жасауды және сақтау тәсілі келесі резервтік көшірмелерін жасаған сәтіндейін ақпараттық ресурстардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

22-бап. Ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалану

1. Қазақстан Республикасының аумағында ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалану ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқықтық қатынасты реттейтін Қазақстан Республикасының байланыс туралы заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарының сақталуымен жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып халықаралық ақпараттық алмасу Қазақстан Республикасында жасасқан халықаралық келісімдердің және Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарын сақтауымен жүзеге асырылады.

5-тарау. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді есепке алу

23-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарды құжаттандыру және ақпараттық жүйелер туралы мәліметтер

1. Электрондық ақпараттық ресурстарды құжаттандыру және ақпараттық жүйелер туралы мәліметтер ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасының стандарттарымен және іс жүргізу, электрондық құжат айналымының ережелерімен белгіленген талаптарға сәйкес оларды иеленушілерімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін міндетті түрде берілетін құжаттандырылған ақпарат пен электрондық құжаттар түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталады.

24-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді

тіркеу

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

1) ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді жүйелендіру ;

2) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміндегі мәліметтері туралы Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын хабардар ету ;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ақпараттық қамтамасыз ету ;

4) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді біріктіруді, сондай-ақ электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер арасындағы деректер алмасуды ұйымдастыру үшін электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді әзірлеушілерге ақпараттарды ұсыну.

2. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер осы Заңмен белгіленген тәртіпте электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде міндетті түрде есепке алуға жатады.

3. Мемлекеттік емес электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің есебі электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімінде осы Заңмен белгіленген тәртіпте өз еркінің негізінде жүзеге асырылады.

4. Қол жеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстар, олардың меншік иелерімен немесе оларды иеленушімен белгіленген тәртіпте сақтау және пайдалану шарттарын сақтаумен электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде тіркеуге жатады.

5. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу туралы куәлікті беру және тіркеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу

мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленуші уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жіберетін электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу туралы өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

7. Тіркеуден өту кезінде электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленуші уәкілетті органға ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленушімен куәландырылған, қолы қойылған және қағаз және электрондық тасымалдаушыларымен ұсынады.

8. Уәкілетті орган тіркеу өтінімдерін алған күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын мен дұрыс толтырылуын тексереді.

9. Тіркеу өтінімдері тиісінше ресімделген жағдайда, уәкілетті орган бес күн ішінде электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін тіркейді және тіркеу нөмірін меншіктеп береді.

10. Уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне мәліметтерді енгізу үшін тіркелген сәтінен бастап үш жұмыс күні ішінде тіркеу өтінімдерінің көшірмелерін ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторға жібереді.

11. Ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор бес жұмыс күні ішінде электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы тиісті мәліметтерді электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне енгізеді.

12. Уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді Мемлекеттік тіркелімде тіркеген сәтінен бастап он бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге тіркеу туралы куәлік береді.

13. Тіркеу өтінімдері тиісінше ресімделмеген жағдайда, уәкілетті орган тіркеу өтінімдерін алған сәтінен бастап он бес жұмыс күні ішінде осы тіркеу өтінімдерін қайтару себебін көрсете отырып, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленушіге қайтарады.

14. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленуші қайтарылған тіркеу өтінімдерін алған сәтінен бастап ескертулерді түзейді және оларды уәкілетті органға тіркеу үшін қайтадан енгізеді.

15. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленушінің тіркеу өтінішін қайта қарау осы Заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

16. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу кезінде уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленушіден тіркелетін деректерінің құрамын немесе мазмұнын анықтауға қажетті ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы қосымша ақпаратты сұрауы мүмкін.

17. Тіркеуге қажетті электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы қосымша ақпаратты беру туралы сұрау салуды алған кезде, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иеленуші тиісті сұрау салуды алған сәттен бастан он күн мерзімде толымды жауап ұсынады.

Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы қосымша ақпаратты беру туралы тапсырысты алған кезде қажетті ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің меншік иесі тіркеу үшін сәйкес тапсырысты алған сәтінен бастап он жұмыс күні ішінде толық жауабын ұсынады.

25-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу

1. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен қамтамасыз етіледі және ұлттық оператормен жүзеге асырылады.

2. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізуге Мемлекеттік тіркелімге ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді, Мемлекеттік тіркелімдегі осы мәліметтерді кейіннен жаңарта отырып енгізу кіреді.

3. Тіркелген электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің иесі жыл сайын 30 наурыздан кешіктірмей уәкілетті органға электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің толық жаңартылған сипаттамасын тіркеу өтінімінің бекітілген нысандары бойынша, не ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдалануды тоқтатқан жағдайда, пайдалануды тоқтату себебін дәлелді түрде жаза отырып ресми хабар береді.

4. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы жаңартылған мәліметтерді енгізу электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді тіркеу үшін белгіленген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады.

5. Белгіленген мерзімде жаңартылған өтінім немесе электрондық ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдаланудың тоқтатылғаны туралы хабарлама ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган оның иесіне мәліметтерді жаңарту қажеттігі туралы тиісті ресми сұрау салуды жібереді.

6. Уәкілетті орган электрондық ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдалану тоқтатылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде осы электрондық ақпараттық ресурсты немесе ақпараттық жүйені тіркеу туралы куәлікті кері қайтарып алуды жүзеге асырады және он күн мерзімде ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміне тиісті өзгерістерді енгізуді қамтамасыз етеді.

7. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркеліміндегі

мәліметтер, электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу шектелген ақпарат жоқ бөлігінде, жалпы қол жеткізу болып табылады және Интернет желісіне орналыстыруға жатады.

26-бап. Ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдері мен нормативтік-техникалық құжаттамаларының депозитарийін жүргізу және оларды депонирлау

1. Ақпараттық жүйелердің бағдарламалық кодтары мен нормативтік-техникалық құжаттамаларының депозитарийінде, ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдерінің және бағдарламалық нормативтік-техникалық құжаттамаларының даналарын тіркеу және сақтау бағдарламалық өнімдерін және нормативтік-техникалық құжаттамаларын тұрақты сақтау және оларды есепке алудың бірыңғай жүйесін, иеленушімен сатып алған жоғалтқан жағдайда, оларды сақтаудағы бағдарламалық өнімдерімен қамтамасыз ету, бағдарламалық өнімдер мен олардың әзірлеушілері туралы тұтынушыларды хабардар ету, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету мақсаттарында жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық жүйелердің бағдарламалық өнімдерінің және бағдарламалық нормативтік-техникалық құжаттамаларының депозитарийінің негізгі мақсаттары Қазақстан Республикасының бағдарламалық өнімдерінің тізілімін жүргізу және бағдарламалық өнімдерін және бағдарламалық нормативтік-әдістемелік құжаттамаларын жинау, жүйелеу, жинақтау және сақтау болып табылады.

3. Бағдарламалық өнімдердің және бағдарламалық нормативтік-техникалық құжаттамалардың депозитарийінде мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландырылатын бағдарламалық өнімдер, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамалар міндетті түрде мемлекеттік есепке алуға, тіркеуге және сақтауға жатады.

4. Бағдарламалық өнімдер электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімінде тіркелген міндетті түрде депонирлауға жатады.

5. Бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамаларының депозитарийін қалыптастыру мен жүргізуді қамтамасыз етуді, сондай-ақ олардың сақталуы мен қорғалуын ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператормен жүзеге асырылады. Ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператор депозитарийде сақталған бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамаларды үшінші тұлғаға беруге және өзгертуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

6. Ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор өнімдердің, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамалардың депозитарийін жүргізген кезде бағдарламалық өнімді иеленушінің өтінімі бойынша бағдарламалық өнімнің көшірмелерін ж а с а у ы :

1) депонирланған даналарының электрондық тасымалдаушыларының жарамдық

мерзімі өткен жағдайда, бағдарламалық өнімді мұрағаттау немесе оның сақталуын қамтамасыз ету ;

2) бағдарламалық өнім жоғалған, жойылған немесе пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, оның иесіне бағдарламалық өнімнің түпнұсқасын ауыстыру үшін көшірмелерін жасауы мүмкін .

7. Уәкілетті орган кемінде жылына бір рет бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамалардың депозитарийының жүргізілуін тексеруді жүзеге асырады.

8. Бағдарлама немесе бағдарламалар кешені, ақпараттық жүйе, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамалар депонирлауға жатады.

9. Бағдарлама немесе бағдарламалар кешені мынадай жиынтықта депонирлауға жатады :

1) бағдарламаның атқарушы коды немесе бағдарламалар кешені;

2) жүктеме файлы ;

3) анықталған иеленушімен қажет болған жағдайда, қосымша бағдарламалық қамтамасыз ету ;

4) бағдарламаның немесе бағдарламалар кешенінің аннотациялық немесе жарнамалық сипаттамасы ;

5) бағдарламалық құжаттама - ерекшелік, бағдарламаның сипаттамасы, сынау әдістемесі мен бағдарламасы, пайдалану құжаттамасы;

6) басқа да бағдарламалық құралдар мен құжаттардың меншік иесінің және/немесе иеленушінің қалауы бойынша .

10. Ақпараттық жүйе мынадай жиынтықта депонирлауға жатады:

1) қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің атқарушы коды;

2) жүйенің жүктелген файлы мен деректер қорының құрылымы;

3) анықталған иеленушімен қажет болған жағдайда, қосымша бағдарламалық қамтамасыз ету ;

4) ақпараттық жүйенің жарнамалық немесе аннотациялық сипаттамасы;

5) бағдарламалық құжаттама - техникалық-экономикалық негіздеме, техникалық тапсырма, техникалық жоба мен жұмыс құжаттамасы;

6) басқа да бағдарламалық құралдар мен құжаттардың меншік иесінің және/немесе иеленушінің қалауы бойынша .

11. Ақпараттандыру саласындағы мақсаттық тұжырымдамалар, бағдарламалар, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру үшін тұжырымдамасы уәкілетті органның салалық бағалауымен бірге бағдарламалық өнімдер, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамалар сақтау қорына беріледі.

12. Сақтауға беруді қамтамасыз етудің толықтығы, сақтау, беру, тіркеудің, берудің, сақтаудың, толықтығын қамтамасыз етудің тәртібі бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамалардың депозитарийына

бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық және нормативтік-техникалық құжаттамаларды тіркеу, беру және сақтау туралы мәліметтерді беру және депонирлаулау уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Ақпараттандыру саласындағы сәйкестікті растау және ақпараттық жүйелердің аудиті

27-бап. Ақпараттандыру саласындағы сәйкестікті растау

1. Ақпараттандыру саласындағы сәйкестікті растау техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сәйкестігін міндетті растауға жататын ақпараттандыру саласындағы өнім ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттермен анықталады.

3. Егер халықаралық келісімдерде өзгеше көзделмесе, сәйкестігін растау саласында шетел мемлекеті берген құжат, оны мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде танылған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында жарамды деп есептеледі.

28-бап. Ақпараттық жүйелердің аудиті

1. Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және пайдалану кезеңінде осы жүйелерді иеленушілердің және/немесе меншік иелерінің бастамасы бойынша ақпараттық жүйелердің аудиті жүргізілуі мүмкін.

2. Құпиялық мәліметтерді ұсынудың шарттары аудитті жүргізу шартында белгіленеді.

3. Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу жөніндегі шығыстарды аудитті жүргізуге бастамашы болған ақпараттық жүйелердің иеленушілері және/немесе меншік иелері төлейді.

4. Аудитті жүргізу ақпараттық технологиялар саласында арнайы білімі және жұмыс тәжірибесі бар тұлғалармен жүзеге асырылады.

7-тарау "Электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылының тәртібі

29-бап. "Электрондық үкіметті" қалыптастыру

1. Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастыру келесі шарттардың есебінен жүзеге асырылады:

1) ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі Қазақстан Республикасының ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдарының негізінде "электрондық үкіметті" іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдармен келісілген шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органдарда ақпараттандыру жөніндегі бөлімшелерді құруды қамтамасыз ету. Мемлекеттік органдардың осындай бөлімшелері болмаса, тиісті мемлекеттік органдарға қызмет көрсету үшін шарттық негізде, ақпараттандыру бойынша қызметтерді оның құрылымында құру туралы ұсыныстарымен

ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторға жүгінуге құқылы;

3) уәкілетті органда мемлекеттік органдардағы ақпараттық қызмет жетекшілерінің кеңесін құруды қамтамасыз ету;

4) ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператормен "электрондық үкімет" базалық кешендерін техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

30-бап. Мемлекеттік органдармен электрондық қызметтер көрсету

1. Мемлекеттік органдар электрондық қызметтерді "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы немесе өздігінен көрсетуі мүмкін.

Электрондық қызметтерді көрсету түрлері бойынша ақпараттық, интерактивтік және транзакциялық болып бөлінеді.

2. Электрондық қызметтерді көрсету осы Заңға және мемлекеттік органдармен бекітілген электрондық қызметтерді көрсету ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Электрондық қызметтерді көрсету ережесі ақпараттық жүйені иеленуші мен электрондық қызметтерді алушы арасындағы өзара іс-қимылдардың тәртібін міндетті түрде қарауы тиіс.

3. Электрондық қызметтер көрсету алу үшін мемлекеттік ақпараттық жүйелерді иеленушіге жеке және заңды тұлғалардың жүгінуі, ақпараттықты қоспағанда, пайдаланушының сұрауы негізінде электрондық цифрлық қолтаңбасы куәландырылған, электрондық құжат нысанда жүзеге асырылады.

4. Электрондық құжат айналымының тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актілерімен анықталады.

31-бап. "Электрондық үкімет" ақпараттық жүйелерінің түрлері

1. "Электрондық үкімет" ақпараттық жүйелері олардың пайдалану мен тәртібіне қарай ведомствалық және ведомствоаралыққа бөлінеді.

2. "Электрондық үкімет" ақпараттық ресурстарын толықтыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесі ведомствалық ақпараттық жүйелер болып табылады.

3. "Электрондық үкімет" өзара іс-қимылындағы ведомствалық ақпараттық жүйелер ведомствоаралық ақпараттық жүйелер болып табылады.

32-бап. "Электрондық үкімет" базалық құрамдас бөліктері

"Электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктерінің жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" веб-порталы мен шлюзін, төлемдік шлюзін, бірыңғай көліктік ортасын, ұлттық сәйкестендіру жүйесін, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік деректер қорын, мекен-жай тіркелімін, ашық кілттердің инфрақұрылымын құруға негізделеді.

**33-бап. "Электрондық үкімет" қалыптастыру кезінде
ақпараттық жүйелер мен базалық құрамдас
бөліктерінің өзара іс-қимылы**

1. "Электрондық үкімет" ақпараттық жүйелерінің ведомствалық және ведомствоаралық іс-қимылының тәртібі мемлекеттік органдардың уәкілетті органның келісімімен қабылданған нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

2. "Электрондық үкімет" қалыптастыру үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдармен берілетін электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесі уәкілетті о р г а н м е н к е л і с і м д е л е д і .

3. Ведомствалық ақпараттық жүйелердің электрондық ақпараттық ресурстарының жұмыс істеуі мен қорғалуын мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

4. "Электрондық үкімет" электрондық қызметі ретінде берілетін ведомствалық электрондық ақпараттық ресурстарының қалыптасуы мен жаңалануын мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

**34-бап. "Электрондық үкімет" мемлекеттік электрондық
ақпараттық ресурстарына қол жеткізу**

"Электрондық үкімет" мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізу осы Заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

**8-тарау. Жеке және заңды тұлғалардың электрондық
ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығы және
оларды ұсыну тәртібі**

35-бап. Ақпаратты алу мен таратуға құқығы

1. Жалпы қол жетімді ақпараттық жүйелерді орындайтын жалпы қол жетімді ақпараттық ресурстардың иелері осы Заңмен және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен анықталған шарттар мен тәртіпте оларға мүдделі жеке және заңды тұлғалардың сұрауы бойынша ақпарат береді.

2. Жалпы қолжетімді ақпараттық ресурстарды немесе олар туралы жеке және заңды тұлғаларға ақпарат беруден бас тартса, сотта шағымдану болуы мүмкін.

**36-бап. Сұраным негізінде электрондық ақпараттық
ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету**

1. Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу келесі тәсілдердің бірі бойынша ақпараттық жүйені иеленуші немесе меншік иесіне жіберген сұранымы а р қ ы л ы жү з е г е а с ы р ы л а д ы :

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, электрондық құжат нысанында немесе электрондық поштаны пайдаланып сұрау жолымен;

2) пайдаланушының жалпы қолжетімді ақпараттық ресурстарға тікелей өтінім ж о л ы м е н .

2. Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, электрондық құжат нысанында жіберілген сұраным, тұлғаның қолы қойылып қағаз жүзінде жіберген

сұранымның түпнұсқасымен теңестіріледі. Мұндай сұранымдар ақпараттық жүйені иеленуші немесе меншік иесі белгілеген іс-жүргізу ережелеріне сәйкес тіркеуге жатады.

37-бап. Сұрауға қойылатын талаптар

Электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді алу үшін сұрауда мынадай мәліметтер ұсынылуы тиіс:

- 1) ақпаратты сұраушы тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;
- 2) заңды тұлға сұраныммен жүгінген кезде - заңды тұлғаның толық атауы, лауазымы, тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;
- 3) ақпараттық жүйенің иеленушінің немесе меншік иесімен ақпаратты сұраушы тұлғамен байланысып немесе тұлғалардың қатынас деректері, сұраныспен жүгінген (пошталық адресі немесе телефонның немесе телефакстің нөмірі) арқылы электрондық ақпараттық ресурстарды беруі мүмкін;
- 4) сұраныстағы электрондық ақпараттық ресурстың мазмұны, атауы және құжаттың мазмұны немесе оған белгілі құжаттың реквизиттері;
- 5) сұранымды орындауға қажетті өзге де мәліметтер;
- 6) сұранымды орындауға қалауымен тәсіл.

2. Егер тұлға ол туралы электрондық ақпараттық ресурстарды өзінің атынан немесе бұл туралы заңды тұлғаны электрондық ақпараттық ресурстарды беру туралы заңды тұлғаның атынан сұраса, онда оның жеке басын куәландыратын құжаттың реквизиттерін және/немесе сұрау жіберген заңды тұлғаның лауазымын көрсетуге міндетті.

38-бап. Сұрауды орындау мерзімдері

1. Сұрау түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады.
2. Осы Заңмен белгіленген, ақпараттық сұрақтарды қарау мерзімдері сұрау тіркелгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.
3. Егер ақпараттық жүйені иеленушісіне немесе меншік иесіне сұрауды анықтау қажет болса немесе егер сұралған электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну үшін уақыт талап етілетін болса, онда ол сұрауды орындауға (бірыңғай мәтінмен) 15 жұмыс күніне дейін ұзарта алады. Сонымен бірге ол себебін көрсете отырып мерзімінің ұзартылатыны туралы сұраумен үндеген тұлғаны бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

39-бап. Сұраудың орындалғанын мойындау

Электрондық ақпараттық ресурстардың ұсынылғаны туралы сұрау орындалды деп есептеледі, егер:

- 1) ақпараттық ресурс осы Заңмен көзделген тәсілмен сұралған тұлғаға берілсе;
- 2) сұрау қажеттігі бойынша берілсе және бұл туралы ақпараттық ресурсты сұраушы

т ұ л ғ а ғ а

х а б а р л а н с а ;

3) ашық көздерде жарияланған ақпаратпен танысу мүмкіндігі сұрауды жіберген тұлғаға түсіндірілсе.

40-бап. Ашық көздерде жарияланған ақпарат туралы хабарлама

Егер сұралған ақпараттық ресурстар ашық көздерде жариялағанда, онда ақпараттық жүйені иеленуші немесе меншік иесі сұралған ақпараттық ресурсты бермеуге құқылы, тұлғаны бұл туралы бес жұмыс күнінен кешіктірмей, сұралған ақпараттық ресурстарға қалай қол жеткізу керектігі мен тәсілдері туралы мәліметтерді бірге хабардар етеді.

41-бап. Сұрауды орындаудан бас тарту

1. Ақпараттық жүйені иеленуші немесе меншік иесі сұрауды орындаудан бас т а р т а д ы , е г е р :

1) сұралған электрондық ақпараттық ресурстарға қатысты қолжеткізу шектелгенде және сұралған электрондық ақпараттық ресурстарға сұрау жіберген тұлғаның қол ж е т к і з у қ ұ қ ы ғ ы б о л м а с а ;

2) сұралған электрондық ақпараттық ресурстары болмаса және ол кімнің иеленуінде е к е н і о ғ а н б е л г і с і з б о л с а ;

3) сұрауды анықтау кезінде, сұраушы тұлғаның ұсынымынан қандай электрондық ақпараттық ресурстарды беру туралы; сұрауды орындау мүмкін болмағанда;

4) егер шығындарға төлем заңнамамен немесе шартпен көзделсе, тұлғамен сұралған электрондық ақпараттық ресурсқа сұрауды орындауға шығындары төленбесе;

5) сұрау осы Заңның 38-бабымен белгіленгендей талаптарына сәйкес келмесе.

2. Ақпараттық жүйені иеленуші немесе меншік иесі осы баптың 1-бөлігінде көзделген негіздер бойынша сұраудың орындалуынан бас тартатыны туралы бес жұмыс күні ішінде сұрау салған тұлғаны хабардар етеді.

9-тарау. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау

42-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғаудың мақсаты

1. Электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерді қорғау құқықтық , ұйымдық және техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларды қабылдау ма қ с а т т а р ы н д а қ о р ы т ы н д ы л а д ы :

1) электрондық-ақпараттық ресурстарының толықтылығын және сақталуын, оларды заңсыз өзгертуді немесе жоюды болдырмауды қамтамасыз ету;

2) қолжеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстардың жабықтығын с а қ т а у ;

3) электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге құқығын іске асыру;

4) электрондық ақпараттық ресурстардың құралдарын өңдеуіне және беру құралдарына заңсыз әрекетіне жол бермеу.

2. Электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді қорғау заңсыз әрекетіне жол бермеу:

1) электрондық ақпараттық ресурстарды болдырмау, яғни берілетін электрондық ақпараттық ресурстарға және компьютерлік жүйелерге қол жетімділігін немесе шектеуге әкелетін қимылдар;

2) электрондық ақпараттық ресурстарды жаңалау яғни бағдарламаға, деректер қорына, материалдық тасымалдаушыда болған ақпараттық мәтініне өзгерістер енгізу;

3) ақпараттық ресурсты көшірме ету, яғни алғашқы ақпаратты өзгеріссіз сақтау кезінде ақпаратты басқа материалдық тасымалдағышқа көшіру;

4) құқық иесінің рұқсатысыз бағдарламалық өнімдерді пайдалану;

5) ақпараттық жүйелердің және/немесе бағдарламалық өнімдердің, немесе желінің жұмысын бұзуға.

43-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарын қорғауды ұйымдастыру

1. Электрондық ақпараттық ресурстарын қорғау:

1) электрондық ақпараттық ресурстарына жалпы қол жеткізуіне қатысты тұлғалармен - электрондық ақпараттық ресурстарын тарататын тұлғамен;

2) қол жеткізу заңмен шектелген электрондық ақпараттық ресурстарын - осындай электрондық ақпараттық ресурстары бар ақпараттық жүйенің иесімен, иеленушісімен немесе операторымен ұйымдастырылады;

3) меншік иесімен немесе иеленушімен қол жеткізу шектелген электрондық ақпараттық ресурстар қатынасында - электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен немесе иеленушімен.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалар қамтамасыз ететін шараларды:

1) электрондық ақпараттық ресурстарына рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмауды;

2) электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін уақытында анықтағанда, егер мұндай рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау болмағанда;

3) ақпаратқа қол жеткізу тәртібін бұзудың қолайсыз салдарынан;

4) электрондық ақпараттық ресурстарды өңдеу мен беру құралдарына әсерін болдырмауды;

5) өзгертілген немесе оларға рұқсатсыз қолжеткізу салдарынан жойылған электрондық ақпараттық ресурстарды жеделдетіп қайтадан орнату мүмкіндігін қолдауға міндетті.

44-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді қорғау шаралары

1. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың құқықтық шараларына электрондық ақпараттық ресурстарды иеленуші мен ақпаратты пайдаланушылармен жасалған белгілі электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу шарттары және қол жеткізу шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі және электрондық ақпараттық

ресурстарды пайдалану шарттары жатады.

2. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың ұйымдық шараларына аумағына (үй-жайға) маңызды режимді рұқсатты қамтамасыз ету, ақпаратқа қол жеткізу жүзеге асуы мүмкін (материалдық ақпарат таратқыштарға), сондай-ақ ақпараттың сипаттамасына және тұлғаның шеңберінде ақпаратқа қол жеткізудің ш е к т е л у і ж а т а д ы .

3. Электрондық ақпараттық ресурстардың техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларына, ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша шаралар, ақпаратты қорғау, оның ішінде криптографиялық құралдарын пайдалану, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізуді бақылау жүйесі және фактілерін тіркеу жатады.

4. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларын пайдалану зиян келтірмеуі немесе өмірге, денсаулыққа және мүлікке қауіп төнуі болмауы керек.

45-бап. Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың дербес сипаттамасын қорғау

1. Дербес деректерден тұратын электрондық ақпараттық ресурстарды алған, ақпараттық ресурстарды иеленуші олардың жарияланбауын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті. Мұндай міндет дербес деректерден тұратын ақпараттық ресурстарды алған сәтінен бастап және оларды жою немесе тұлғадан осы деректерге қатысты оларды жарияланбауына келісім алғанға дейін туады.

2. Келесі дербес деректерден тұратын, электрондық ақпараттық ресурстарды беру оларға қатысты тұлғаның тек қана келісімімен немесе Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген өзге де негіздерімен рұқсат етіледі.

10-тарау. Қорытынды ережелер

46-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттану туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ақпараттану туралы заңдарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта әкеп соғады.

47-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң оны ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 29-бабының 1-тармағының 2-тармақшасын қ о с п а ғ а н д а .

2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы "Ақпараттандыру туралы" Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомоствасында, 2003 ж., N 10, 52 бап).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК